

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

2. Бондаренко, Э.Н. Юридические факты в трудовом правоотношении: монография / Э.Н. Бондаренко. Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2005. – 24 с.
3. Евстигнеев Е.Н. ЕС//Трудовое право. 2009. - № 1. - С. 106-114.
4. Еремина С.Н. Нетипичные субъекты трудового права // Трудовое право.2011.-№1.-С.53-58.

УДК 342.41.

КОНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЙ БАҚЫЛАУ ИНСТИТУТЫ: ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУЫ

Тамабаева Дидарлы Мейрамбайқызы
didaw@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 1-курс магистранті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Бұсұрманов Жұмабек Дүйсешевич

«Конституция», «конституционализм», «конституциялық бақылау» феномендері кез-келген демократиялық, құқықтық-прогрессивті мемлекеттің ең негізгі атрибуттарының бірі. Осы ұштағанның мемлекеттің құқықтық қондырғыға айналуына тигізетін әсері өлшеусіз [1, 29 б.].

Ал, Конституцияның шынайы Ата Заңға айналуына және елде конституционализмнің қалыптасуына ықпал ететін басты институт – конституциялық бақылау екені сөзсіз.

Адамзат дамуының қазіргі кезеңінде, яғни ХХІ ғасырда конституциялық бақылау адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуші ең басты құқықтық институтына айналып отыр.

Бұл институттың халықаралық құқықтық жүйеде де, ұлттық құқықтық жүйеде де алатын орны ерекше.

Конституциялық бақылаудың пайда болуының ең басты себебі – ХХ ғасырдың бірінші жартысында адамның құқықтары тапталды.

Фашистік режим орныққан елдерде, сонымен қатар Кеңес одағында адам құқығы мәселесі ешбір сын көтермейтін жағдайға жетті.

Ақырында, екінші дүние жүзілік соғыс кезінде жеке тұлғаның ғана емес, сонымен қатар ұлттардың, этникалық, әлеуметтік, діни және басқа да топтардың құқықтары ерекше бұзылып, геноцидке жол берілді.

Осы сұрапыл соғыстан кейін халықаралық қауымдастық Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсанда резолюциясымен Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын бекітті.

Бұл Декларацияның басты қағидасы – адам баласының барлық мүшелеріне тән қадір-қасиетін, құқықтарының теңдігі мен тартып алынбайтындығын тану, бостандық пен әділдіктің негізі болып табылатынына назар аудару еді [2, 389 б.].

Бұған дейін әлі де болса дами қоймаған конституциялық бақылау, екінші дүние жүзілік соғыстан кейін әрбір елде қалыптасып, мемлекеттердің ішкі құқықтық жүйесінің басты құрылымына айналды.

Әрине, бұл институт Кеңестер одағында қалыптаспады. Кеңестік кезеңде конституциялық сот, конституциялық кеңес немесе өзге формадағы конституциялық бақылау органы болмады. Басты себебі, конституциялық бақылаудың қызметінің негізгі бағыты – яғни, адам мен азаматтың құқығын қорғау. Кеңес үкіметі конституциялық бақылауды буржуазиялық-контрреволюция институт ретінде қарап, оның әлеуметтік құндылығын төмендетуге тырысты [3, 39 б.].

Өткен ғасырдың аяғында бұрынғы Кеңес одағы ыдырағаннан кейін оның құрамында болған республикалар өз тәуелсіздігін алып, жаңа талаптағы демократиялық институттар

құра бастады. Соның алғашқысы конституциялық бақылау органдары, яғни конституциялық қадағалау комитеттері мен конституциялық соттар болды.

Әр мемлекетте конституциялық бақылау органдары моделін таңдауда әртүрлі формаларды қалайтынына назар аудара келе, белгілі ғалым Ж.Д. Бұсырманов, кейбір елдерде конституциялық соттар болса, келесі елде конституциялық кеңестердің, ал кейбірінде – конституциялық трибуналдардың құрылғанына назар аударады [4, 201 б.].

Алғаш рет 1988 жылғы 1 желтоқсанда КСРО Конституциясына өзгеріс енгізіліп, Конституциялық қадағалау комитеті құрылып, оның төрағасы ретінде ғалым-заңгер С.С. Алексеев сайланды. Бұл органның басты міндеті – заңдардың жобасы мен КСРО Жоғарғы Кеңесінің, одақтас республикалардың қабылдаған заңдарының Конституцияға сәйкестігін тексеру еді [5, 28-29 б.].

Конституциялық бақылау институтының жаңа мыңжылдықта құқықтың даму тенденциясына әсерін бейнелей келе, профессор Гарик Арутюнянның оны қоғамның жаңа, сапалы иммунно жүйесі деп атауы да тегін болмас [6, 59 б.].

Жалпы, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, оларды қорғау және бұзылған жағдайда қалпына келтіру конституциялық бақылау органдарының алдындағы басты міндет.

Конституциялық бақылаудың конституцияларда бекітілген адамдардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы роліне тоқтай келе, олардың конституциялық-құқықтық қорғалу тәсілдеріне қарай бірнеше топқа бөлуге болады.

Ең алдымен, ол үшін конституциялық бақылаудың модельдеріне, оны жүзеге асырушы органдардың формаларына және конституциялық бақылауды жүзеге асыру тәсілдеріне назар аударамыз.

Негізінен конституциялық бақылауды жүзеге асырудың екі моделі кең тараған: «американдық» және жалпыевропалық.

«Американдық» модель бойынша конституциялық бақылауды жалпы юрисдикциялық соттар жүргізеді, көпшілік елдерде бұл функция жоғарғы соттарға жүктелген.

Бұл қатардағы елдерге АҚШ, Индия, Жапония және басқа да елдер кіреді.

«Американдық» модельдің, жалпы конституциялық бақылаудың қалыптасуына 1803 жылы АҚШ Жоғарғы Соты қараған «Мэбори Мэдисонға қарсы» атты сот ісі түрткі болды.

АҚШ Жоғарғы Сотының осы істі қарауының нәтижесінде осы елдің Конгресі қабылдаған сот жүйесі туралы заң АҚШ-тың Конституциясына сәйкес емес деп танылды, яғни алғаш рет конституциялық бақылаудың ізі құрылды. АҚШ Жоғарғы Соты үшін Конституция заңнан үстем тұрады. Сол себепті, заңның нормасы Конституцияға қайшы келсе, онда оның күші жойылады, деп бекітті [7, 85-86 б.].

Жалпыевропалық модель бойынша конституциялық бақылауды мамандандырылған органдар: конституциялық соттар (Герман Федеративтік Республикасында, Венгрияда, Чехияда, Ресейде және ТМД-ның көптеген елдерінде), квазисот органдары, яғни конституциялық трибуналдар (Испанияда, Польшада) және конституциялық кеңестер (Францияда, Қазақстанда, Алжирда, Лаоста, Эфиопияда және басқа да елдерде) орындайды [8, 87 б.].

Жоғарыда тоқтап кеткеніміздей конституциялық бақылауды жүзеге асырушы органдардың формаларына қарай үш түрге бөлеміз: жалпы соттар арқылы, мамандандырылған конституциялық соттар арқылы және мамандандырылған квазисот органдары арқылы.

Жалпы юрисдикциялық соттар атқаратын конституциялық бақылау мен мамандандырылған органдар атқаратын бақылаудың ең басты айырмашылықтары мынада.

Жалпы соттар үшін конституциялық бақылау олардың функциясының негізгі бағыты болғанымен, ол соттар жалпы даулар және өзге де істер үшін жоғарғы инстанция ретінде танылады. Ал, мамандандырылған конституциялық бақылау органдары тек қана конституцияның жоғары тұруын қамтамасыз етумен ғана айналысады. Ол органдар заңнаманы қолданудан келіп туындайтын өзге істер мен дауларды қарауға құзыреті бола

бермейді. Тек кейбір елдердің конституциялық соттары жалпы соттардың құзыретіне кіретін даулардың конституцияға сәйкестігі тұрғысынан қарап, тексеруі мүмкін. Мысалы, Германияның Конституциялық Соты тек қана заңдардың Конституцияға сәйкестігін тексеріп қоймайды, сонымен қатар, қалыптасқан сот-құқық қорғау практикасының да конституциялылығын қарайды [9, 443 б.].

Енді конституциялық бақылауды жүзеге асыру тәсілдеріне назар аударатын болсақ, ең алдымен мына мәселеге тоқтала кеткен жөн.

Конституциялық бақылаудың ең басты функциясы конституцияның елдің ішкі құқықтық жүйесіндегі үстемдігін орнату. Бұл функция негізінен заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің конституцияға сәйкестігін немесе керісінше, олардың конституцияға қайшылығын анықтау және сол арқылы олардың күшін жою. Сонымен қатар, конституция нормаларына түсініктеме беру арқылы олардың құқықтық жүйедегі үстем күшін орнықтыру, оларды дұрыс қолдану жолын анықтау және конституциялық нормалардың мазмұны мен мәнін құқық қолдану практикасы үшін кеңінен ашып бекіту. Қажет болған жағдайда билік салалары арасында туындаған конституциялық дауларды шешу. Мысалы, заң шығарушы билік органдары мен атқарушы билік органдарының арасындағы құрамдас өкілеттіктердің қай органға тиесілі екенін немесе тежемелік және тепе-теңдік қағидаларын ұстана отырып билік органдары арасындағы байланысты орнықтыру.

Осы мәселелерді реттеудегі конституциялық бақылау органдарының құзыреті негізінен екі – алдын-ала және кейінгі бақылау формаларында жүзеге асырылады.

Осылай өзара шектеудің негізгі критеріі болып олардың жүзеге асырылу уақыты табылады. Алдын-ала бақылау конституцияға сәйкестігі тексерілуге тиісті акті күшіне енгенше жүргізіледі. Ал, кейінгі бақылауда құзыретті органмен қабылданып, күшіне енген актілер тексеріледі, яғни конституциялық бақылау объектісі болып қолданысқа түскен актілер табылады.

Кейінгі конституциялық бақылау осы институт пайда болғаннан бері қолданылса, алдын-ала конституциялық бақылау алғаш рет V-ші Франция Республикасының 1958 жылғы қабылдаған Конституциясынан орын тепті.

Қазақстан Республикасына келетін болсақ, Конституциялық Кеңес конституциялық бақылаудың осы екі формасын да қолданады.

1995 жылғы Конституция конституциялық бақылау органы ретінде Конституциялық Кеңес құрды.

Осы Конституцияға сәйкес Конституциялық Кеңес алдын-ала бақылауды жүзеге асыра отырып, Парламент қабылдаған заңдарға Президент қол қойып бекіткенге дейін олардың Ата Заңға сәйкестігін тексере алады. Сонымен қатар, алдын-ала бақылау формасында Парламент ратификациялағанға дейін Республикамыздың халықаралық келісім-шарттарын қарайды.

Кейінгі Конституциялық бақылау жолымен соттар жүгінген жағдайда қолданыстағы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін тексереді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабында көрсетілген реттерде, яғни сот, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тану жөніндегі өтінішпен Конституциялық Кеңеске жүгінсе және соттың күмәні расталса, ондай актілердің күшін жояды.

Осы кезең аралығында, яғни Конституциялық Кеңес 20-жылдан астам уақыт аралығында 200-ден астам әртүрлі өтініштерді қарап шығып, көптеген заңдарды және өзге де актілерді Ата Заңға сәйкес емес деп тапты. Соның ішінде, соттардың жүгінуінен кейін бұрынғы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің, Қылмыстық, Қылмыстық іс-жүргізу туралы, Азаматтық және Азаматтық іс-жүргізу туралы кодекстердің, «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы», «Нотариат туралы» және өзге де заңдардың нормалары адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзады деген себеппен күшін жойды.

Колданылган әдебиет көздері:

1. Конституционализм в Казахстане: доктрина и практика утверждения конституционализма: Монография/Под ред. И.И. Рогова, В.А. Малиновского. Алматы: Раритет, 2015. – 384с.
2. Сборник документов по международному праву. Том I./Под общ. ред. К.К. Токаева. Сост. Атанов М.М., Ибрашев Д.О., Ауталипова А.С., и др. – Алматы: САК, 1998. – 576с.
3. Кряжков В.А., Лазарев Л.В. Конституционная юстиция в Российской Федерации: Учебное пособие. – М.: Издательство БЕК, 1998. – 462с.
4. Бусурманов Ж.Д. О некоторых особенностях и проблемах конституционного контроля в Республике Казахстан//Сборник материалов международной научно-практической конференции «Конституция: Личность, общество и государство». 30-31 августа 2005 года. С. 479.
5. Конституционный контроль в Казахстане. Монография. Под.ред. И.И. Рогова, А.К. Котова. Алматы: ИД «Мұрагер» 2005. – 232с.
6. Арутюнян Г. Конституционная культураXXI века и новые вызовы системного развития конституционной юстиции // Вестник Конференции органов конституционного контроля стран молодой демократии «Конституционное правосудие». Выпуск 2 (40)-3(41), 2008. Центр конституционного права Республики Армения. Ереван-2008. С. 51.
7. Бондарь Н.С. Судебный конституционализм в России в свфете конституционного правосудия. – М.: Норма; ИНФРА-М, 2011. – 544 с.
8. Жоғарыдағы көрсетілгенде.
9. Фооскуле А. Альянс европейских судов и защита прав человека//Конституционный контроль: доктрина и практика: материалы международной конференции, посвященной 20-летию Конституционного Суда Российской Федерации (Санкт-Петербург, 28-29 октября 2011 года)/ под ред. В.Д Зорькина. – М.: Норма, 2012. – 464 с.

УДК 342.41.

ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПРАВ И СВОБОД ЧЕЛОВЕКА И ГРАЖДАНИНА КОНСТИТУЦИОННЫМ СОВЕТОМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Тамабаева Дидарлы Мейрамбаевна

didaw@mail.ru

магистрантка 1 курса юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Казахстан

Научныйруководитель - Бусурманов Жумабек Дюсешевич

Конституционный Совет осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией и Конституционным законом «О Конституционном Совете Республики Казахстан» от 29 декабря 1995 года, Регламентом, утвержденным Конституционным Советом 19 апреля 2002 года, а также иными нормативными актами Республики.

Одним из главных назначений Конституционного Совета, является защита и охрана прав и свобод человека и гражданина, закрепленных в Конституции.

Конституция Республики в статье 78 содержит положение, согласно которому суды не вправе применять законы и иные нормативные правовые акты, ущемляющие закрепленные Конституцией права и свободы человека и гражданина. Если суд усмотрит, что закон или иной нормативный правовой акт, подлежащий применению, ущемляет закрепленные Конституцией права и свободы человека и гражданина, он обязан приостановить производство по делу и обратиться в Конституционный Совет с представлением о признании такого акта неконституционным.